

Қазақстан Республикасының астанасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі N 2457 Заң күші бар жарлығы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 2-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына және "Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы" 1994 жылғы 6 шілдедегі Республика Жоғарғы Кеңесінің Қаулысына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Былай деп белгіленсін:

Республиканың Парламенті мен Үкіметі Ақмола қаласына көшірілгенге дейін Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласы болып табылады;

Республиканың Президенті Резиденциясының тұратын жері Ақмола және Алматы қалалары болып табылады.

2. Жоғары және мемлекеттік органдарды Ақмола қаласында орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комиссиясы құрылсын, оған бұл мақсатта орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру құқығы берілсін.

3. Республика Үкіметі:

Ақмола қаласын абаттандыру жөніндегі бюджеттен тыс қаражатты жинақтау мақсатында бюджеттен тыс "Жаңа астана" қорын тағайындасын.

Ақмола қаласының құрылысы мен инфрақұрылымын дамытуға қатысушы инвесторларға салық, кеден және өзге де жеңілдіктер беру жөніндегі ұсыныстарды дайындап, Республика Президентінің қарауына енгізісін;

осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде өзге де қажетті шараларды қолдансын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті